

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 25 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 09 сәуірде N 10-7-151 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 07 ақпандағы N 284 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 07.02.2013 N 284 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының, 1-тармағының, 8) тармақшасына, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы N 561-IV Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жаңақорған ауданындағы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012.05.10 N 48 қаулысымен.

2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012.10.24 N 181 қаулысымен.

3. Азаматтарды 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңақорған аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (Ж. Абдусаметов, келісімі бойынша):

1) әскерге шақырылушыларды медициналық куәландыруды ұйымдастыру және өткізу үшін білікті дәрігер-мамандар бөлуге ықпал ету;

2) медициналық комиссияны қажетті дәрі-дәрмектерімен, керек-жарақтарымен және медициналық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімі Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі" мемлекеттік мекемесіне (Ж. Оспанов, келісімі бойынша) мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтуі және кетуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Бүркітбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012.09.20 N 159 қаулысымен.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

С. Тауипбаев

" К Е Л І С І Л Д І "

"Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімі Қызылорда облысының Ішкі істер Департаменті Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
Оспанов Жарас Өмірбекұлы

"23" наурыз 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңақорған аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық

кәсіпорнының бас дәрігері
Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы

_____ "23" наурыз 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысы Жаңақорған
ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы

_____ "23" наурыз 2012 жыл

2012 жылғы "26" наурыздағы
Жаңақорған ауданы әкімдігінің

№ 25 қаулысына № 1 қосымша

Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы
әкімдігінің 2012.10.24 № 181 қаулысымен.

Комиссия төрағасы	Жаңақорған аудан әкімінің орынбасары;
Комиссия төрағасының орынбасары	"Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша);

Комиссия мүшелері:

Комиссия мүшесі	"Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімі Қызылорда облысының Ішкі істер Департаменті Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшесі медициналық комиссияның төрағасы	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының " Жаңақорған аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігерінің орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия хатшысы	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының " Жаңақорған аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі(келісім бойынша).

2012 жылғы "26" наурыздағы
Жаңақорған ауданы әкімдігінің

№ 25 қаулысына № 2 қосымша

